

УДК 910.3

ЩУЧИНСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Алдаш Әділет Қайыржанұлы

adilet.aldash-99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті физикалық және экономикалық география кафедрасының магистранты

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші: б.ғ.к., доцент Инкарова Ж.И.

Қазақстан әлемнің көптеген елдерімен қатар өңірлердің қарқынды даму мәселелерімен бетпе-бет келеді және оны шешудегі өз тәжірибесін жинақтады. Сонымен қатар, соңғы жылдары жергілікті әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерді талдау

барысында мемлекет қабылдаған шаралардың тиімділігінің аз екендігін көрсетті және өңірлік ерекшеліктер мен халықаралық тәжірибені ескере отырып, жүргізілетін өңірлік саясатқа өзгерістер енгізу қажеттілігін айқындайды.

Өңірлік әлеуметтік- экономикалық теңсіздіктер әлемнің көптеген елдеріне тән. Қазақстан өңірлерінің шаруашылығының құрылымына қарай келесідей категорияға бөлуге болады: мұнай өндіруші- Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау облыстары, өнеркәсіптік- Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстары және ауылшаруашылық - Ақмола, Алматы, Қостанай, Жамбыл, СҚО және Түркістан облыстары. Елдің мұнай өндіруші және өнеркәсіптік өңірлерде көптеген экономикалық көрсеткіштер бойынша жағдай әл-ауқаты жоғары болса, ал ауыл шаруашылық бойынша, өңірлердің экономикалық жағдайлары орташа.

Осы тұрғыда Мемлекет басшысы қазіргі заманғы үрдістер мен сын-қатерлерді ескере отырып, өңірлік дамудың барлық жүйесін жаңғырту бойынша бірқатар жаңа міндеттер қойды.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында «Тұрғын саны миллионнан асатын қалалар еліміздің жаһандық бәсекелік қабілетінің тірегі, ал облыс орталықтары өз өңірлері өсімінің өзегі болуға тиіс» деген болатын. Сонымен қатар елді мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту, экономикалық жағдайды тұрақтандырудың инновациялық жолдарын іздестіру, еңбек нарығын жетілдіру, елді мекендерді цифрлық технологиялармен трансформациялау, халықты жұмыспен қамту проблемасын шешу, демографиялық процестердің теріс салдарын болдырмау, жұмыссыздықты болдырмау сияқты ауқымды мәселелер көтерілген еді. Осы мәселерді тиімді шешудің перспективалы жолдары айқындалып, іс-шаралардың тізімі жасалған болатын[1].

Әлем тәжірибесіне назар аударатын болсақ, шағын қалалардың проблемалары жеткілікті түрде шешілмегенін байқаймыз. Әсіресе тәуелсіздік алған жылдары шағын қалалардың проблемалары күрт өзгерді.

Еліміздегі табиғи ресурстарды өндіруге және өңдеуге негізделіп құрылған бұл қалалардың экономикасы әртүрлі факторлар (саяси, қаржы-экономикалық т.б.) есебінен күрт құлдырауға көшті. Нәтижесінде еліміздегі 60-қа жуық шағын қалалардың басым көпшілігі депрессиялық өңірге айналды.

Өңірлік даму мәселелерін зерттеуші қазақстандық ғалымдар А.А. Сатыбалдин, Н.К.Нурланова Қазақстанның экономикалық дамуының негізгі тенденцияларын талдау үшін келесі көрсеткіштерді ұсынады: жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ), жан басына шаққандағы ЖӨӨ, халық саны, экономикада жұмыспен қамтылғандар саны, өңіраралық мемлекеттік реттеу, өнеркәсіптік өнім көлемі, ауылшаруашылық өнімнің жалпы көлемі, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, бөлшек сауда көлемі, баланстық құн бойынша негізгі құралдар (амортизацияны шегергенде), барлық көлік түрлерімен жүк тасымалдау көлемі[2].

Ал ауыл шаруашылығы өнімін, тамақ және жеңіл өнеркәсіп өнімін өндіруге маманданған өңірлердің (Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары) үлес салмағы барынша төмендегенін айқындап отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында еліміздегі шағын қалалардың дамуына көп көңіл бөледі. Сондай-ақ, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуына тікелей әсер ететін әлеуметтік саланы, оның ішінде ең төменгі әлеуметтік стандарт, әлеуметтік қолдау, өңірлердегі әлеуметтік теңгерімсіздіктер мәселесін шешу, жұмыспен қамту және еңбек саясатын жаңғыртуға қолайлы жағдай жасау керектігін атап көрсетті. Басты міндеттің бірі – мемлекеттік және барлық салалық бағдарламалардың орындалуын өңірлерді дамытудың басымдыққа ие міндеттерін шешумен үйлестіру.

Қазір шағын қалалар экономикамызды дамытуға едәуір үлес қосып отыр. Олар өндірістік өнеркәсіп өнімдерінің 40 пайызға жуығын өндіреді. Мұнай-газ, металлургия,

химия өнеркәсібі және энергетика саласындағы ірі кәсіпорындарымыз сонда шоғырланған. Алайда, бұл қалаларда шешімін таппай келе жатқан түйткілдер аз емес. Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелер бар. Қазақстан аумағында қазіргі уақытта 67 шағын қалалар бар, олардың саны 2,53 млн адамды немесе елдегі қала халқының 16,8% құрайды, оның ішінде 16 қала тиісті аудандардың әкімшілік орталықтары болып табылады.

Шағын қалалардың бірі Щучинск қаласы. 1997 жылдан бастап бұл қалаға аудан орталығы деген атау берілген болатын. 1999 жылдан бастап, Ақмола облысының аймақтық құрамына кірді.

Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы негізінен туризммен тығыз байланысты. Сондықтан осы бағытты дамыту мемлекеттің негізгі стратегиясы болып табылады.

Бүгінгі таңда Щучинск-Бурабай аумағында көптеген шипажайлар, емханалар, демалыс үйлері, спорттық-сауықтыру лагерлері бар. Мұнда Қазақстанның түкпір-түкпірінен, ТМД елдерінен және алыс шетелдерден он мыңдаған адамдар демалу және денсаулықтарын жақсарту үшін келеді. Бурабай табиғаттың әсем де көрікті жерінде орналасқан. Туризм индустриясын дамыту көрсеткіші бойынша Бурабай маңызды орын иеленеді. Бұл жерде тарихи ескерткіштер мен мәдени мұралар көптеп кездеседі. Өркениет дамуының негізі, ұлттық экономиканы дамытудың қайнар көзі болып табылады. Бұл өңірдің туризм саласын дамыту мәселесі еліміздің көптеген нормативті құжаттарында көрсетілген.

Соңғы жылдары Қазақстан Үкіметі туристік саланы дамыту бағытында елеулі қадамдар жасады. Туризм саласының жұмыс істеу тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауында қойылған міндеттердің бірі болып көрсетілді, «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы» бекітілді[3].

Елбасы Н. Назарбаевтың «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасында «туристік кластерлер құруда үздік тәжірибесі бар стратегиялық инвесторлар тарту» қажет деп көрсеткен болатын. Туристік қызығушылық тудыратын орындарды шоғырландыру негізінде бес ұлттық туристік кластер тұжырымдамаларында айқындалды.

Сонымен қатар Щучинск қаласында басқа да өндірістер дамыған. Атап айтсақ, машина жасау, кондитерлік тағамдарды өндіру, құрылыс материалдарын шығару, балық өнімдерін жасау т.б.

Қазір қалада 40 мыңнан астам адам тұрады. Мұнда әртүрлі ұлт өкілдерінің бас қосуына байланысты тұрғындардың өзіндік дәстүрлерін қалыптастырды. Қалада қазақтың салт-дәстүрлері де құрметтеледі.

Щучинск-Бурабай курорттық аймағын одан әрі дамыту мақсатында 2021 жылы алты инвестициялық жобаны, оның ішінде жолдар, су құбырлары, тазарту құрылыстарын салуды іске асыру жалғастырылуда.

Аудан экономикасының басым бағыттарының бірі туризмді дамыту болып табылады. Туристік қызмет көрсету инфрақұрылымы сыйымдылығы 13 мың орыннан асатын 178 объектіні қамтиды.

Осылайша, орналастыру объектілері көрсететін қызметтердің сапасын арттыру үшін санаттылықты тағайындау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Қазіргі кезде Бурабай ауданының аумағында 22 нысанның категориялық сертификаты бар.

2021 жылы жалпы құны 1,5 млрд теңгеден асатын 5 жаңа туристік нысан пайдалануға берілді. Бұл "Орленок" ЖШС аквапаркі, "di-Group" ЖШС көпфункционалды кешені, "Береке Бурабай" ЖШС сауда-ойын-сауық орталығы, "Инжу" қонақ үйі ауданындағы аквапарк, "Береке Бурабай" ЖШС шолу дөңгелегі, сондай-ақ ойын-сауық және ілеспе объектілер, "Бурабай даму" ЖШС сапар орталығы[4].

Туризмнің 9 нысанының құрылысы жалғасуда, оның ішінде 3 ірі қонақ үй кешені - "Зерновая индустрия-Астана" ЖШС қонақ үйі, "AQBURA resort" кешені және Абылайхан саябағы".

Сондай-ақ Бурабай кентін абаттандыру бойынша жұмыстар іске асырылды. 2021 жылы жылы бұл мақсаттарға республикалық бюджеттен 395 млн теңге сомасында трансферттер бөлінді. Кентте шағын сәулет формаларын орнатумен және айналма жол, аллея мен орталық алаңды неонмен жарықтандырумен абаттандыру жүргізілді. "Жұмыспен қамтудың жол картасы" бағдарламасы бойынша бірқатар көшелерде аула және спорт алаңдары орнатылды.

Туристтік ресурстың қолжетімділігін, туристтің баратын жерінде болу жайлылығын дамыған инфрақұрылым қамтамасыз етеді. Туризм және қонақжайлылық индустриясының жұмыс істеуі және дамуы, өз кезегінде, үлкен инвестицияларды қажет ететін және мемлекет пен кәсіпкерлерге айтарлықтай кіріс әкелетін елдің әлеуметтік - экономикалық жүйесінің маңызды элементі ретінде әрекет етеді.

Щучинск-Бурабай курорттық аймағында туризмді дамыту ғылым үшін де, мемлекет пен бизнес үшін де өзара тиімді жоба болып табылады. Сондықтан осы жобаны іске асыру қазақстандық туризмге жаңа деңгейге шығуға және ішкі және келу туризмі бойынша көрсеткіштерді арттыруға көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі
2. Сатыбалдин А.А., Нурланова Н.К. ПРОСТРАНСТВЕННОЕ НЕРАВЕНСТВО ЭКОНОМИКИ И ИНКЛЮЗИВНОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА: РИСКИ И ВОЗМОЖНОСТИ. Economics: the strategy and practice. 2018;(1):6-16.
3. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №360 қаулысы.
4. Щучинск қаласының әкімі Е. Т. Қаппасовтың "Щучинск қаласының 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2022 жылға арналған жоспарлары туралы" есебі